

2025–2026 оқу жылы «Мектепке жол» акциясы туралы

Шәкәрім атындағы жалпы білім беретін мектепте 2025–2026 оқу жылының басында дәстүрлі «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды. Акцияның мақсаты – әлеуметтік жағынан қолдауды қажет ететін оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық жасауға көмектесу.

Аталған акция аясында барлығы 11 оқушыға көмек көрсетілді. Оның ішінде:

- «Аманат» партиясынан – 2 оқушыға;
- Бериков Ақжол, мектеп мұғалімінен – 2 оқушыға;
- Әмірін Абдикадир, жеке кәсіпкерден – 7 оқушыға.

Көмек ретінде оқушыларға мектеп сөмкелері мен оқу-құралдары табысталды. Бұл іс-шара оқушылардың жаңа оқу жылын толыққанды дайындықпен бастауына мүмкіндік берді.

